

## ҰСЫНЫС / ҚОЛДАУ ХАТЫ

Маретбаева Марина Абильжановна, 1981 жылы дүниеге келген. 2005 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін қазақ тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі оқытушысы мамандығы бойынша бітірген.

2005 жылдың тамыз айынан бастап Абай атындағы ҚазҰПУ Жалпы тіл білімі және тіл тарихы кафедрасының аспиранты, оқытушысы.

2008 жылдың қазан айында «Әңгімелеу мәтінінің тілдік-стилистикалық сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бар.

2008 жылдың желтоқсан айында Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-не оқытушы лауазымына жұмысқа қабылданды.

2009 – 2015 жылдары «Болашақ» университетінде қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында, шет тілдері кафедрасында доцент лауазымында қызмет атқарды.

2015 жылдың тамыз айында Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі қызметіне қабылданды.

2017 жылы Назарбаев Университеті базасында «Leadership Development Program for State Healthcare Institution» саласында тағылымдамадан өтті.

2020 жылдан бастап үш тіл кафедрасын (қазақ, орыс және шет тілдері) біріктіру кезінде құрылған тілдерді дамыту орталығын басқарады.

80-нен астам жарияланған ғылыми еңбектері бар, олардың ішінде монографиялар, оқу құралдары, практикумдар, халықаралық рецензияланатын журналдардағы мақалалар, сондай-ақ ҚР БҒМ (ҚР ҒЖБМ) Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы және әртүрлі деңгейдегі-халықаралық, республикалық, өңірлік ғылыми – теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар материалдарының өзге де мерзімді журналдары мен жинақтарындағы мақалалар.

Оқу-әдістемелік жұмыс шеңберінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында және одан тыс жерлерде, атап айтқанда ҚХР, Құлжа қаласы, Іле педагогикалық мемлекеттік университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасына бірнеше рет қатысқан.

40-тан астам дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертациялардың ғылыми жетекшісі, «Қазақ тілі» мамандығы бойынша магистрлік және докторлық (PhD) диссертациялардың ресми рецензенті болып табылады.

М.А.Маретбаева «Денсаулық сақтау саласында медициналық терминологиялық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 2 тамыздағы №580 бұйрығына сәйкес ҚР ДСМ жанындағы Республикалық терминологиялық комиссияның мүшесі болып табылады. Осы комитеттің жұмысы аясында 2017 жылы «ҚМУ» КеАҚ-да терминология мәселелері бойынша республикалық конференция



ұйымдастырылды. Бүгінгі таңда аталмыш республикалық терминологиялық комиссия жұмысында үздіксіз қызмет атқаруда.

2022 жылы «Медицина қызметкерлерінің сөйлеу мәдениеті» тақырыбында республикалық терминологиялық комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен республикалық семинар өткізілді.

ЖОО қызметкерлеріне арналған қазақ тілі курсы аясында құрылған «СӨЙЛЕ» ауызекі клубының жетекшісі.

2023 жылдан медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі М.Т.Алиакпаровтың авторлығымен жарық көрген «Арқалық жота», «Шәкәрім» кітаптарының ресми редакторы.

2021 жылдан ПОҚ-ның кәсіби-педагогикалық құзыретін бағалауға бағытталған Қарағанды медицина университетінің аттестаттау комиссиясының ресми сарапшысы.

2022 жылдан «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Сенатының Ғалым хатшысы.

2023 жылы ҚР ҒЖБМ Министрінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Құрмет грамотасымен (2024); ҚР ДСМ ұсынысымен Қазақстан Республикасы Президентінің «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2024) марапатталды.

Бүгінгі таңда М.А.Маретбаева мемлекеттік тілде ашық онлайн энциклопедия, ҚР ҒЖБМ тіл саясаты комитеті жанындағы Ұлттық жасанды интеллект корпусын құруға бағытталған жобалардың мүшесі.

Кәсібінде М.А.Маретбаеваны бастамашыл, жоғары білікті басшы, жауапты тұлға, беделді маман ретінде бағалаймыз.

М.А.Маретбаеваны ғылым мен білім саласына қосқан үлесі негізінде «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын беруге лайық кандидат деп танымыз.

«ҚМУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректоры

Б.Н.Кошеров



Орындаушы: Б.К.Омаркулов  
Тел.: 8 (7212) 50-39-30 (ішкі 1280)